

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен ақша бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 12 ақпандағы N 139 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне Алматы қаласындағы мемлекеттік жоғары оқу орындарының жатақханаларын күрделі жөндеуге 2005 жылға арналған республикалық бюджетте кезек күттірмейтін шығындарға көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 278100000 (екі жүз жетпіс сегіз миллион бір жүз мың) теңге бөлінсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.12.09. N 1220 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі